

INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS



№1 (4) 2023

Social Sciences series

www.aiu.kz



International Science Reviews

Social Sciences series

Published since 2020

No. 1 (4) / 2023

Astana

EDITOR-IN-CHIEF:

Doctor of Jurisprudence, Professor
Amandykova S.K.

DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF:

PhD, Assistant Professor
Khairmukhanmedov N.I.

EDITORIAL BOARD:

- | | |
|------------------------------|--|
| Irsaliyev S. A. | - Candidate of Agricultural Sciences, President AIU, (Kazakhstan) |
| Sarsenbay N. A. | - Candidate of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Somzhurek B.Zh. | - Candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan) |
| Kazhyken M. Z. | - Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Toxanova A.N. | - Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Akhmadiyeva Zh.K. | - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor (Kazakhstan) |
| Laumulin M. T. | - Doctor of Political Sciences, (Kazakhstan) |
| Orlova O.S. | - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Russia) |
| Jacek Zaleśny | - Doctor of Jurisprudence, Professor (Poland) |
| Francisco Javier Diaz | - Dr. hab., Professor (Spain) |
| Revorio | |
| László Károly Marác | - PhD (The Netherlands) |
| Verbitskiy A.A. | - Doctor of Pedagogy, Academician of the Russian Academy of Education (Russia) |

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010000
Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)
E-mail: social-sciences@aiu.kz

International Science Reviews**Social Sciences series**

Owner: Astana International University

Periodicity: quarterly

Circulation: 500 copies

**«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series 2023 / №1**

МАЗМҰНЫ

**Секция
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ**

<u>Кажыкен М.З.</u> ҰЛЫ ДАЛА МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ.....	10
<u>Смагулова З.К., Мороз В.В.</u> КӨШБАСШЫЛЫҚ ФЕНОМЕНІ: ӨЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ КОНТЕКСТ.....	20
<u>Аймұрзина Б.Т., Каменова М.Ж.</u> КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ МЕХАНИЗМДЕРІ.....	31
<u>Галиев С.Ж.</u> БӘСЕКЕЛЕСТІК ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ МЕН МОНДЕРНИЗАЦИЯ ФАКТОРЫ ЕМЕС.....	41
<u>Дюсенбаев Ж., Байбашева Г.К., Кайдарова С.Е.</u> СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАЛАМАЛАР ЖӘНЕ СӘТТІЛІК ФАКТОРЛАРЫ.....	52
<u>Омаров А.С., Аймұрзина Б.Т.</u> ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ПРОЦЕСТЕРІ.....	59
<u>Сұханов А.</u> ЖАҢА ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ ГЕОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ «БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» БАСТАМАСЫ.....	65
<u>Балтыхан А.Б., Лесбаева Г.Т., Байбашева Г.К.</u> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	79
<u>Усипбеков А.А., Нуржанова Г.И., Ниязбекова Ш.У.</u> ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫН ТАЛДАУ ӨДІСТЕРІ.....	87

Секция ҚҰҚЫҚ

<u>Абугалиева Ф.М., Елубекова А.К.</u> ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	100
<u>Идгеев М.С., Иманбаев С.М.</u> ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	110
<u>Бердібек Ғ.Е., Сеилханов Ж.Д.</u> ҚАЗІРГІ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗМ КАТЕГОРИЯСЫ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПІКІРТАЛАСТАР.....	121
<u>Әбдікадыр А.Ә.</u> АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТ МӘРТЕБЕСІ.....	127
<u>Санақбекқызы С., Иманбаев С.М.</u> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	134
<u>Садыков Т.К.</u> ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ЗАҢДАРЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ ТҮЛҒАЛАР.....	143

Секция ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

<u>Нұртзин М.С., Ибраева А.Е.</u> ЕО-НЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БОЙЫНША ЖАҢА СТРАТЕГИЯСЫ: ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ПЕРСПЕКТИВАЛАР.....	156
<u>Сатыбаев Д.Д., Ибраева А.Е.</u> ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨНІРІНДЕ РАДИКАЛДЫ ИСЛАМИЗМНІҢ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ	163
<u>Айтбай А.Ж., Ибраева А.Е.</u> ПЕРСПЕКТИВЫ ГУМАНИТАРНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА МУЖДУ ЕС И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИЕЙ.....	170

«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series 2023 / №1

СОДЕРЖАНИЕ

Секция
ЭКОНОМИКА и ФИНАНС

<u>Кажыкен М.З.</u> ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	10
<u>Смагулова З.К., Мороз В.В.</u> ФЕНОМЕН ЛИДЕРСТВА: СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ И УПРАВЛЕНЧЕСКИЙ КОНТЕКСТ.....	20
<u>Аймурзина Б.Т., Каменова М.Ж.</u> МЕХАНИЗМЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ УСТОЙЧИВОСТИ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА.....	31
<u>Галиев С.Ж.</u> КОНКУРЕНЦИЯ НЕ ФАКТОР ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ И МОДЕРНИЗАЦИИ.....	41
<u>Дюсенбаев Ж., Байбашева Г.К., Кайдарова С.Е.</u> СТРАТЕГИЧЕСКИЕ АЛЬТЕРНАТИВЫ И ФАКТОРЫ УСПЕХА.....	52
<u>Омаров А.С., Аймурзина Б.Т.</u> ПРОЦЕССЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ.....	59
<u>Суханов А.</u> ИНИЦИАТИВА «ОДИН ПОЯС, ОДИН ПУТЬ» В НОВЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ И ГЕОЭКОНОМИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ.....	65
<u>Балтыхан А.Б., Лесбаева Г.Т., Байбашева Г.К.</u> ОРГАНИЗАЦИОННО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ В ВУЗЕ.....	79
<u>Усипбеков А.А., Нуржанова Г.И., Ниязбекова Ш.У.</u> МЕТОДЫ АНАЛИЗА ФИНАНСОВЫХ РЫНКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ....	87

Секция ПРАВО

Абугалиева Ф.М., Елубекова А.К. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОЙ ПРИРОДЫ УГОЛОВНЫХ ПРОСТУПКОВ В ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ.....100

Идгеев М.С., Иманбаев С.М. КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРЕСТУПНОСТИ В СТРОИТЕЛЬНОЙ ОТРАСЛИ.....110

Бердібек Ғ.Е., Сеілханов Ж.Д. КАТЕГОРИЯ ЭКСТРЕМИЗМА В СОВРЕМЕННОЙ ПРАВОВОЙ НАУКЕ: ПРОБЛЕМЫ И ДИСКУССИИ....121

Әбдікадыр А.Ә. СТАТУС СУДА АПЕЛЛЯЦИОННОЙ ИНСТАНЦИИ.....127

Санакбекқызы С., Иманбаев С.М. СОВРЕМЕННЫЕ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНО-ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....134

Садықов Т.К. ЛИЦА-ОСНОВАТЕЛИ ЗАКОНОВ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА.....143

Секция МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

Нуртзин М.С., Ибраева А.Е. НОВАЯ СТРАТЕГИЯ ЕС ДЛЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ 2019: ПЕРСПЕКТИВЫ ДЛЯ КАЗАХСТАНА.....156

Сатыбаев Д.Д., Ибраева А.Е. ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ РАДИКАЛЬНОГО ИСЛАМИЗМА В РЕГИОНЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ...163

Айтбай А.Ж., Ибраева А.Е. ПЕРСПЕКТИВЫ ГУМАНИТАРНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА МУЖДУ ЕС И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИЕЙ.....170

**«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series 2022 / No 4**

CONTENT

**Section
ECONOMICS AND FINANCE**

<u>Kazhyken M.Z.</u> ECONOMIC ACTIVITY IN THE GREAT STEPPE AND CENTRAL ASIA.....	10
<u>Smagulova Z.K., Moroz V.V.</u> THE PHENOMENON OF LEADERSHIP: SOCIO-PSYCHOLOGICAL AND MANAGERIAL CONTEXT.....	20
<u>Aimurzina B.T., Kamenova M.Zh.</u> MECHANISMS OF STATE SUPPORT FOR ENVIRONMENTAL SUSTAINABILITY OF ENTREPRENEURSHIP DEVELOPMENT.....	31
<u>Galiev S.Zh.</u> CONCURENTION IS NOT A FACTOR OF INDUSTRIALIZATION AND MODERNIZATION.....	41
<u>Dyussenbayev Zh., Baibasheva G.K., Kaidarova S.E.</u> STRATEGIC ALTERNATIVES AND SUCCESS FACTORS.....	52
<u>Omarov A.S., Aimurzina B.T.</u> STRATEGIC MANAGEMENT PROCESSES IN HEALTHCARE ORGANIZATIONS.....	59
<u>Sukhanov A.</u> ONE BELT, ONE ROAD INITIATIVE IN NEW GEOPOLITICAL AND GEOECONOMIC CONDITIONS.....	65
<u>Baltykhan A.B., Lesbayeva G.T., Baibasheva G.K.</u> ORGANIZATIONAL AND ECONOMIC ASPECTS OF THE CORPORATE HIGHER EDUCATION MANAGEMENT FORMATION.....	79
<u>Usipbekov A.A., Nurzhanova G.I., Niyazbekova Sh.U.</u> METHODS FOR ANALYZING FINANCIAL MARKETS IN THE DIGITAL ECONOMY.....	87

Section LAW

<u>Abugalieva F.M., Elubekova A.K.</u> ACTUAL PROBLEMS OF THE LEGAL NATURE OF CRIMINAL OFFENSES IN LAW ENFORCEMENT PRACTICE.....	100
<u>Idgeev M.S., Imanbaev S.M.</u> CRIMINOLOGICAL ASPECTS OF CRIME IN THE CONSTRUCTION INDUSTRY.....	110
<u>Berdibek G.E., Seilkhanov Zh.D.</u> THE CATEGORY OF EXTREMISM IN MODERN LEGAL SCIENCE: PROBLEMS AND DISCUSSIONS.....	121
<u>Abdikadyr A.A., Amandykova S.K.</u> STATUS OF THE COURT OF APPEALS.....	127
<u>Sanakbekkyzy S., Imanbaev S.M.</u> MODERN PROGRAMS OF DEVELOPMENT OF THE CRIMINAL-EXECUTIVE SYSTEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	134
<u>Sadykov T.K.</u> PERSONS-FOUNDERS OF THE LAWS OF THE KAZAKH KHANATE.....	143

Section INTERNATIONAL RELATIONS

<u>Nurtazin M.S., Ibrayeva A.E.</u> NEW EU STRATEGY FOR CENTRAL ASIA 2019: PROSPECTS FOR KAZAKHSTAN.....	156
<u>Satybayev D.D., Ibrayeva A.E.</u> PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF RADICAL ISLAMISM IN THE CENTRAL ASIAN REGION.....	163
<u>Aitbay A.Zh., Ibrayeva A.E.</u> PROSPECTS FOR HUMANITARIAN COOPERATION BETWEEN THE EU AND CENTRAL ASIA.....	170

ҚАЗІРГІ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗМ КАТЕГОРИЯСЫ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПІКІРТАЛАСТАР

Ғ.Е. Бердібек¹, Ж.Д. Сеилханов²

¹Астана халықаралық университеті

Құқық мамандығының

2-курс магистранты

Galiya.ergalikyzy@gmail.com

²Астана халықаралық университеті

Құқық жоғары мектебінің аға оқытушысы

Аннотация. Мақалада қазіргі құқық ғылымындағы экстремизм категориясына жалпы анықтама беріле отырып, аталған категория туралы бірізді емес пікірлер мен экстремизмнің өзекті мәселелері қарастырылған. «Экстремизм» категориясының жалпы мазмұны мен қазіргі әлеуметтік сипаты саралана жазылған. Қоғамдағы әр адамның жеке басымен қатар, белгілі бір ұйымдар мен топтар құқығының экстремизм категориясымен байланысы, сол байланыс тудыратын проблемалар және оны шешу жолдары зерттелген.

Кілт сөздер: құқық, экстремизм, терроризм, категория, қоғам, мемлекет, адам құқықтары, ғылым, заң, мәселе, пікір.

КІРІСПЕ

Экстремизм – адамдар арасындағы өте қауіпті құбылыстардың бірі. Экстремизмді тек біздің елде ғана емес бүкіл әлемде жеке тұлғалар, топтар мен ұйымдар, жалпы қоғам үшін аса қауіпті деп таныған. Жалпы, экстремизм – латын тілінен «шектен шығу» деген мағынаны білдіреді. Тыйым салынған іс-әрекеттер арқылы қоғамдық-саяси, діни, ұлттық мақсаттарға жетудің теориясы мен тәжірибесін экстремизмге жатқызамыз. Экстремизм - тыйым салынған іс-әрекеттерді жасау, өзгелерге заңмен рұқсат етілмеген күш қолдану, жеке адамның азаматтық құқығына қол сұғу деп түсініледі.

Экстремизм – француз тілінен аударғанда орталықтан ауытқу, белгіленген бір тәртіпке бағынбау, өз пікірімен ғана өмір сүріп, өз білуінше жүру деген мағына береді.

Жоғарыда айтып өткен категория кейбір елдерде адамның жеке құқығына қол сұғу, өшпенділік пен кек қайтару негізінде жасалған қылмыстар деп аталады да, олар үшін қатаң жаза қолданылады. Бұндай кек қайтару тек жеке бір тұлға

арқылы жүзеге аспайды, белгілі бір ұлттық, діни, әлеуметтік топтың өкілдері арқылы да жүзеге асады.

Экстремист жай ғана қанішер немесе бұзақы емес, ол өз ісінің дұрыс екеніне сенімді «идеологиялық» қылмыскер деп те қарастыруымызға болады.

«Экстремизм» категориясын құқық ғылымындағы негізгі категориялардың бірі ретінде қарастырамыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Құқық – қазіргі таңда жеке бір ғылым саласы болып қалыптасып, дамып келе жатқан сала. Бұл ғылымның басты объектісі – адам. Адам құқықтары – нәсіліне, тіліне, ұлтына, дініне, түсіне әлеуметтік жағдайына немесе кез келген басқа факторлар мен аспектілерге қарамастан барша адамның қоғамдағы қауіпсіз өмір сүруінің алғышарты болып табылады. Құқықтарын барлық адамдар толыққанды қолдана алатын болса, экстремизм ол құқықтарды қолдануға шектеу қояды.

Экстремистік әрекет – бұл не?

Экстремистік әрекеттің белгілері заңмен анықталған және ол келесідей әрекеттерді қамтиды:

- Конституциялық құрылысты өзгерту әрекеті;
- Нацизмді насихаттау және нацистік рәміздерді көрсету;
- Заңсыз әрекеттерді ұйымдастыру және сол әрекеттерге белгілі бір топтарды дайындау;
- Қоғамда әр түрлі алауыздық тудыру;
- Экстремистік материалдарды тарату.

Мұндай іс-шаралар заңға қайшы болып табылады және қоғамда тәртіпсіздіктер мен заңсыз тербелістер, резонастар тудырады. Кейбір жағдайларда экстремалды әрекеттердің арты терроризмге ұласады.

Мұндай адамдар әдетте интелектісі төмен, басқалардың ауырсынуына және өз шығындарына сезімтал болмайды. Олар әсіресе топталып әрекет еткенде өте қауіпті болады.

21 ғасырдың басында әлемде экстремистік сипаттағы 500-ден астам ірі ұйымдар болған. Олар жазықсыз адамдарға қауіп төндіріп, қоғамға қауіпті түрлі әрекеттер жасаған. Осындай ұйымдардың қазіргі таңда да бар екені анық. Соңғы онжылдықта экстремистік операциялардың нәтижесінде 5 мыңнан астам адам қаза тауып, 12 мыңға жуық адам зардап шекті.

Қазақстанның өзінде Ақтөбе, Атырау, тіпті күні кеше бүкіл Қазақстанды қамтып, ошағы оңтүстік астанамыз Алматы қаласы болған «Қаңтар оқиғасы» да экстремистердің жасаған заңсыз іс-әрекеттері. Қанша адамның өміріне қауіп төндіріп, қанша адамның өмірден өтуіне себеп болған қанды оқиға. Көптеген отбасыларға қасірет әкелген ұйымдасқан топтар өткізген іс-шара да экстремизмнің айқын көрінісі. Олардың халық санасын улауы, өздерінің әрекеттерін жүзеге асыру үшін түрлі айла-тәсілдерді қолдануы, мемлекеттік мекемелерге шабуыл жасауы, әлеуметтік желілер мен түрлі ақпарат таратудың жолдарын қарастыруы экстремистердің жақсы дайындығының көрсеткіші деп ойлаймыз. Олардың алдын алу жолдары мен қолданылатын жазаны күшейту керек. Жалпы, біздің елімізде экстремизм үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік заңды түрде белгіленген.

Экстремизм туралы пікірталастарға тоқталатын болсақ, пікірлердің көбінде экстремистік іс-әрекеттің соңы терроризмге ұласады дейді. Мысалы:

Терроризмді ауыр қылмысты істер қатарына жатқызу керек. Міндетті түрде. Адам басқаны өлтіретін болса, өртейтін болса, ұлтаралық және конфессияаралық араздыққа шақыратын болса, онда заңды бұзады. Ол өзін қандай түске бояса да және қандай діни немесе саяси киім киіп алса да білініп қалады. Ол заңды аттап кетті және ол қылмыскер болып саналады. [1]

Жоғарыда берілген З.Ш. Шаукенованың пікірінше экстремист өзге адамның өміріне қауіп төндіріп немесе қоғамда белгілі бір бұрыс іс-қимылдар жасаса ол үшін қатаң жазалануы керек. Бұл өте орында пікір, қатаң жаза арқылы экстремистердің заңсыз әрі қауіпті іс-әрекеттерінің алдын алуға болады.

Қазақстандағы экстремизм мен терроризм сөзсіз діни сипат алады деп нақты айту – дұрыс пікір емес. Бірақ, елімізде болған оқиғалар мен түрлі тәжірибелер көрсеткендей, экстремистер үшін қолайлы әрі тиімді болып табылатын дінді жамылып жалған ақпарат таратушылар мен бұрыс іс-әрекеттерге тартушылар да аз емес.

Дінтану саласындағы көрнекті мамандар, әрбір адам, тіптен атеист пен агностик болсын, шындығында – *homo religiosus*, дінге немесе оның суррогатына аса мұқтаж екендігіне сенеді. [2]

Соңғы айдағы қайғылы жағдайларға байланысты тікелей де, жанама түрде де діни экстремизмге қарсы әрекет ету шараларына кірісуде. Жанама қарсы әрекет ету дегеніміз дәстүрлі әлемдік діндердің рухани-адамгершілік сипатын жинақтау, ең алдымен ислам мен православие діндерінің мемлекет пен азаматтық қоғам институттарымен біріккен сұхбатын өткізу. Бүгінде ашық рухани майдан шешуші болып отыр. [1]

Экстремизмнің алдын алу мақсатында діни сауаттылық басты орында болуы міндетті деуге болады. Себебі, адамдардың діни сауаттылығы дұрыс болмай жатып, олардың іс-әрекеттерінің дұрыс болмайтындығы да анық. Тіпті, діни сауаты дұрыс емес кейбір өзге ағымда кеткен адамдардың өз-өздерін өлтіру арқылы басқа адамдарға да қауіп төндіріп жатқандығын көре аламыз.

Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының 3-бабында Қазақстан Республикасында экстремистік ұйымдарды құруға тыйым салу туралы:

Қазақстан Республикасының аумағында мақсаттары немесе әрекеттері экстремизмді жүзеге асыруға бағытталған ұйымдарды (филиалдар мен өкілдіктерді) құруға және олардың іс-әрекетіне тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атауларын құрылатын ұйымдардың атауларында пайдалануға жол берілмейді. [3]

ҚОРЫТЫНДЫ

Заңнамада көрсетілгендей Қазақстан аумағында экстремистік ұйымдар құруға, белгілі бір заңсыз әрекеттерге баруға тыйым салынған, сонымен қатар олардың атауларын да қолдануға тыйым салынған.

Экстремизмнің алдын алуды діннен бастау керек деген пікірдерді жалғастыра аламыз. Себебі, ондай пікірлер көп және терроризм дінді де ұлтты да таңдамайды.

Ең алдымен, мұсылмандардың өздерінің ислам дінінде биік адамдық қасиеттерді, заңды қадірлейтін мейірімді әрі тәртіпке бағынатын тұлғаның

қалыптасуына басты назар аударылатындығын терең түйсіне білулері аса қажет. Сол себепті, мұсылмандар арасында орын алып отырған экстремизммен күрес репрессия және жалаң тыйым салу жолымен емес, біріншіден, адамгершілік пен ізгі мінез қалыптастыратын исламның шынайы бейнесін дұрыс діни білім беру арқылы айқындатып күресу керек.

Екіншіден, адамдардың бойына этикалық қасиеттер дарытып, идеологиялық және өмірлік-стилдік плюрализмді қабылдау бейімділігіне үйрететін зайырлы білім беру жүйесі мен ағартушылық арқылы да жүзеге асу керек.

Үшіншіден, ата-аналар мен туған-туыстар жас ұрпақты, балаларын сүйіспеншіліктің бесігіне бөлеу үшін отбасы институтын күшейтудің маңызы өте зор. Сол арқылы, ауылдарда, оқу орындарында, қала аулаларында жұқтыруға жеңіл ұры-қарылық түсініктер мен қатыгездік сынды ауруларға шипа табуға болады. [4]

Қазіргі таңда экстремизммен күрес қарқынды дамып келе жатыр. Оған террористік оқиғалардың орын алуы, халық санасын улайтын ақпараттар мен экстремистердің көбеюі себеп болып отыр. Адам санасының, діни сауатының дұрыс болуы, тәрбие мен құндылықтардың жақсы жаққа бағытталуы экстремизмнің алдын алудың алғышарттары.

Құқық ғылымындағы экстремизм категориясы үнемі өзекті мәселелердің бірі болып қалады. Оның алдын алу мен күресудің де маңызы өте зор.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шаукенова З.К., Косиченко А.Г., Нұрмұратов С.Е., Құрманғалиева Ғ.К., Байдаров Е.Ұ., Хамитов Н.В. // Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің рөлі – Алматы – 2011.
2. Михельсон О., Элиаде М. Религиозная культура и современность // Санкт-Петербург – 2009.
3. Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 Заңы.
4. Оңғаров Е.А. // Экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары // kazislam.com

КАТЕГОРИЯ ЭКСТРЕМИЗМА В СОВРЕМЕННОЙ ПРАВОВОЙ НАУКЕ: ПРОБЛЕМЫ И ДИСКУССИИ

Аннотация. В статье рассматриваются непоследовательные мнения об экстремизме и актуальные вопросы данной категории в современной правовой науке. Дифференцировано общее содержание и социальный характер категории "экстремизм". Наряду с личностью каждого человека в обществе изучается связь права тех или иных организаций и групп с категорией экстремизма, проблемы, порождающие эту связь, и пути ее решения.

Ключевые слова: право, экстремизм, терроризм, категория, общество, государство, права человека, наука, право, проблема, мнение.

THE CATEGORY OF EXTREMISM IN MODERN LEGAL SCIENCE: PROBLEMS AND DISCUSSIONS

Annotation. The article examines inconsistent opinions about extremism and topical issues of this category in modern legal science. The general content and social character of the category "extremism" are differentiated. Along with the personality of each person in society, the connection of the law of certain organizations and groups with the category of extremism, the problems that give rise to this connection, and ways to solve it are studied.

Key words: law, extremism, terrorism, category, society, state, human rights, science, law, problem, opinion.